

«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті»

Коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Қазақ тілі және мәдениеті кафедрасы



Дәріс оқушы: доцент Қалыбекова Қаламқас Сағындыққызы

Сабактың тақырыбы:

Қазақ іс қағаздар тілінің тарихы. Қазақ тіліндегі іс қағаздарының алғашқы үлгілері.

Қазақ тіліндегі іс қағаздарындағы алғашқы терминдік атаулар мен қолданыстар

Қ а р а ғ а н д ы , 2 0 2 5

Қазақ іс қағаздар тілінің тарихы. Қазақ тіліндегі іс қағаздарының алғашқы үлгілері. Қазақ тіліндегі іс қағаздарындағы алғашқы терминдік атаулар мен қолданыстар

Қазақ тіліндегі құжаттар тарихы ертеден басталады. 18-ғасырдағы ресми іс қағаздарына қазақ хандарының, сұлтандарының, батырларының, тархандарының, старшиналарының патшаға және орыс әкімшілік орындарына жазған хаттары жатады.

Бұл ресми іс қағаздары сол кезеңдегі қазақ даласының саяси, әлеуметтік, экономикалық жағын бейнелеумен қатар, бізге 18-ғасырдың екінші жартысы мен 19-ғасырдың бірінші жартысында қазақ ресми іс қағаздарының тілі қандай болғанын да көрсете алады.

02

03

Мәтіннің жалғасы:

Қазақ іс қағаздар тілінің тарихы түпкі тарих тереңінен орын алмаса да, біраз ғасырлық тарихы бар екендігі белгілі. Зерттеушілеріміздің пікірлеріне қарағанда, қазақ іс қағаздар тілінің тарихы XVIII ғасырдан бастау алады.

Аталмыш ғасырдың да қазіргі кездегідей өзіндік іс қағаз түрлері мен құжаттары болды. Мәселен, XVIII ғасырда қолданылған қазақ ресми іс қағаздар түріне, қазақ хандарының, сұлтандарының, батырлары мен старшиналарының орыс патшалығына және орыс әкімшілік орындарына жазған хаттарын айтсақ болады.

Бұл қағаздардың қазіргі таңда маңызы өте зор болмақ. Бұл ресми қағаздар арқылы, біз сол кезеңдегі қазақ даласының саяси-әлеуметтік, экономикалық жағын бейнелеумен қатар XVIII ғасырдың жартысы мен XIX ғасырдың 1-жартысында қазақ ресми іс қағаздарының тілінің қандай түрде болғаны жөнінде мәлімет аламыз.

Мәтіннің жалғасы:

Қазақ ресми іс қағаздар тілінің тарихы тек қана XVIII ғасырмен байланысты ғана шектелмейді. XIX ғасырда қазақ ресми іс қағаздар тіліне елеулі ерекшеліктер алып келген болатын.

XIX ғасырда болған елеулі оқиға - Исатай мен Махамбет бастаған шаруалар көтерілісі де қазақ іс қағаздар тарихында елеулі өзгешеліктер алып келді.

Бұл көтерілістің тек көркемдік әдебиет пен тарихта ғана емес, іс қағаздар тарихында да өз ісін қалдырғандығын Махамбет Өтемісұлының Ладыцинскийге жазған хатынан, Жәңгір ханның Исатай Тайманұлына жазған хатынан тағы басқа материалдардан көре аламыз.

Мәтіннің жалғасы:

Ал, ХІХ ғасырдың 2-жартысынан бастап қазақ әдеби тілі дамуының жаңа дәуірі басталды. Жоғарыда аталған кезеңдерден соң, аумалы-төкпелі 1921 жылы қазақ тілінде іс жүргізу міндеттеліп, небір пәрменді шаралар белгіленіп, бұл салада әжептеуір ілгері шаруалар тындырылып келіп, ақыры аяқсыз қалғандығы жөнінде зерттеушілеріміз атап өтеді.

Сөз жоқ, бұған да себептер болған. Жаппай елдегі ашаршылық, тәркілеу, қуғын - сүргін, қала берді Ұлы Отан соғысы, бертінде тың игеру жылдары бұған әсер етпей қалған жоқ. Бертінде, дәлірек айтқанда, 1957 жылы Республика Министрлер Кеңесі қазақ тілінде іс жүргізу жөнінде тағы да шешім қабылдаған екен. Бұл істе әуелде қызу қолға алынады да, кейіннен бәсең тартып, жетпісінші, сексенінші жылдары мүлде саябырсып кетеді.

Мәтіннің жалғасы:

Алайда, бүгінгі күні бұл іс қайта жанданып, бұрынғыдан да кең көлемде, кең құлашпен жүріп жатқаны айқын аңғарылады. Енді, осы салада жарық көрген еңбектер тарихына тоқтала кетсек.

Бастапқыда, дәлірек айтсақ, 1936 жылы жазылған Ағыбаев деген автордың іс жүргізуге арналған сөздігі жарық көрген кейіннен, елуінші жылдардың соңынан ала, жетпісінші жылдардың басына дейін 12 кітап болып, кәдімгідей нөмірленіп, салалық, терминологиялық сөздіктер жарық көреді.

1961 жылы Ғ. Мұсабаев пен Б.Сүлейменованың «Орысша – қазақша терминологиялық сөздігі» кітабы жарыққа шығады. Мұндай, іс-шаралар, яғни кітап бастыру жұмысы мұнымен тоқтап қалған жоқ. Бертінде, жетпісінші жылдары 10 томдық академиялық сөздіктер жарыққа шыққан.

Мәтіннің жалғасы:

Қазіргі таңдағы іс қағаздарымен шұғылданып жүрген зерттеушілерімізді де қол қусырып қарап отыр деуге болмайды.

Іс қағаздар жөніндегі сөздік – анықтамалықтар, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдары тағы басқа туындылар қазіргі таңдағы, осы салада еңбек етіп жүрген М.Қасымбеков, Қ.Әлімқұлов, К.ЮОсупов, Ә.Сапарбекова, А.Жапбаров, Г.Ө.Танабаева, Т.Қ. Сариева зерттеушілерді атап өтуге болады. Әрине, қазіргі таңда да тыңнан із салып, тікелей орыс тілінен аудармалар жасап жүрген зерттейшілеріміз әлі күнге ізденіп бағуда.

08

Мәтіннің жалғасы:

«Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» пәні, мақсаты мен міндеттері. Іс қағаздары қоғам өмірінде үлкен роль атқарады. Іс қағаздардың саяси, тарихи, құқықтық, экономикалық маңызы зор.

Мемлекет, Республика, қала, аудан, кәсіпорын, ұйым, мекеме тарихын жазғанда іс қағаздары ақпараттың табылмас қайнар көзі бола алады.

Құжаттар фактілерді, оқиғаларды, қоғам өмірінің құбылыстарын дәлелдейтін айғақ қызметінде атқарады.

Осындай пайдалы жұмысты танытып беруде «Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу» пәнінің атқаратын рөлі маңызды болмақ. Бұл пән жоғары оқу орындарында оқытылады.

Мәтіннің жалғасы:

Пәннің атқаратын негізгі міндеттері төмендегідей болмақ:

1. Іс қағаздарын қазақша жүргізудің мемлекеттік құндылығын, әлеуметтік маңыздылығын, оның қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде қызмет етуінің алғы шарттарының бірі екендігін ұғындыру.
2. Іс қағаздарын жүргізудің дербес ғылым екендігін таныту.
3. Іс қағаздарын жүргізудің тарих, саясаттану, архив ісі, тіл білімі, педагогика сияқты ғылым салаларымен байланысын көрсету.
4. Мемлекеттік тіліміздің арқа сүйер болашақ мамандық иелерін іс қағаздарын толтырудың мемлекеттік стандарттары мен толтыру әдістері, жазылу стилі, қызметі, мақсаты сияқты білім көздерімен қаруландырып, қазақ тілінің дамуындағы рөлінің күшеюіне олардың септігін тигізуін қамтамасыз ету.
5. Іс қағаздарының түрлері. Оларға қойылатын талаптар, олардың безендірілуі, лексикасы сияқты ерекшеліктерімен таныстыру.

09

Мәтіннің жалғасы:

19-ғасырдың бірінші жартысы патша үкіметінің Қазақстан жерін отарлау әрекетінің ең бір шешуші кезеңі болды. Қазақ даласының көптеген жері Россия империясының құрамына кірді.

Ел басқару билігін патша өз қолына алды. Орта жүз бен Сібірді мекендеген қазақтар үшін 1822 жылы «Сібір қазақтары туралы Устав» шығарылды. Бұл Устав 1860 жылға дейін күшінде болды. 1831 жылы Кіші жүз қазақтарын билеу үшін «Ел басқарудың дистанциялық системасы» деген құжат шығарылды.

19-ғасырдың 2-жартысында екітілді (орысша-қазақша) газеттер шығара бастады:

- 1.«Түркістан уалаятының газеті» Ташкент, 1870-1882 жылдар.
- 2.«Дала уалаятының газеті» Омбы, 1888-1902 жылдар.
- 3.«Торғай газеті» Троицк, 1895 ж.

Мәтіннің жалғасы:

Бұл газеттер қазақ даласының көптеген аймақтарына таралды, патша үкіметінің жергілікті әкімшіліктерінің органы болды. Аталған газеттер қазақ әдеби тілін дамытуда, жазба нормаларын қалыптастыруда, ресми іс қағаздар стилін одан әрі жетілдіруде рөл атқарды.

Мемлекеттік тілде іс қағаздарын жүргізу заман талабына сай жүргізілуі үшін ресми және іс қағаздары терминдерінің қалыптасу тарихын, қазіргі тілімізде берілу барысын, жасалу жолдары мен тәсілдерін, қолданылу ерекшеліктерін анықтау қажеттілігін туындатты.

Қазақ іс қағаздары тілінің тарихы сол тілдің иесі болып табылатын халық тарихымен, іс қағаздарын қатынас құралы ретінде қолданған қоғам тарихымен тығыз байланысты екендігі даусыз. Сондықтан қазақ іс қағаздар тілінің тарихын зерттеуде зерттеушілер екі принципті басшылыққа алады.

Мәтіннің жалғасы:

Бірінші принцип — қазақ іс қағаздар тілінің тарихын, оны туғызған, тілдік қатынас ретінде пайдаланған қоғам тарихымен тығыз байланыста, бірлікте қарау принципі. Өйткені тілдің дамуы қоғамның дамуына, оның экономикалық, мәдени өміріндегі өзгерістерге байланысты болады.

Екінші принцип — қазақ іс қағаздар тілінің қалыптасу кезеңдерінде кездесіп отыратын түрлі тілдік фактілерді, тілдік ерекшеліктерді қазіргі қазақ тілімен салыстыра қарау принципі. Зерттеушілер қазақ әдеби тіліндегі ресми стильдің қалыптасу кезеңі мен оның түрлері туралы әр түрлі пікірлерді ұстанады.

Кейбір тілшіғалымдардың пікірінше, қазақ қаламгерлері XVI ғасырдан XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақтың көне жазба әдеби тілінде ресми іс қағаздарын жазды, өзара хат жазысты.

Мәтіннің жалғасы:

Белгілі ғалым Р.Сыздықованың көрсетуінше, ресми іс қағаздары стилі қазақ тілінде ертеде қалыптаса бастаған, қазақ хан-сұлтандарының орыс әкімшілік орындарымен жазысқан көптеген хаттары, арыздары мен мәлімдемелері XVIII ғасырдан бастап архивтерде сақталған.

Солардың кейбірі (1785–1828 жылдары аралығында жазылған қазақтың хан, сұлтан, старшиналарының хаттарын) тарихшы М.П.Вяткиннің «Материалы по истории Казахской ССР» деген кітабында жарияланды. Сонымен бірге архивтер мен кітапханалардың сирек қорында біраз ресми құжаттар үлгілерін табуға болады.

Зерттеушілердің айтуынша, «... қазақша ресми іс қағаздары стилі екі түрлі арнадан сусындады. Оның бірі — сонау көне дәуірлерден бермен қарай үзілмей келе жатқан хан жарлықтары және басқа да ресми құжаттар үлгілері. Сонымен қатар XIX ғасырда қазақ жерінің Ресей мемлекеті қол астына кіруіне байланысты орыс әкімшілік орындарының бұйрық-жарлықтары, заңдары мен қатынас қағаздары қазақшаға аударылып, қазақ ішіне тарады».

Мәтіннің жалғасы:

Тілдің терминологиялық лексикасы екі жолмен жасалатыны мәлім. Оның бірі — ұлттық тілден жасалған терминдер де, екіншісі — өзге халықтың тілінен қабылданған терминдер қатары.

Іс қағаздары терминдерін қалыптастырудың үш жолы бар деп есептейді зерттеушілер: біріншісі — халықаралық терминдер, екіншісі — аударма арқылы енген терминдер, үшіншісі — терминдік сипаттағы сөздер ресми стильде, сонымен қатар публицистикалық стильде қолданылып, екінші жағынан, мағыналық стильдік реңкті иеленетін, бірінің орнына бірі қолданылатын терминдік сөздер.

Іс қағаздары терминдерінің ішінде қазақша бір сөз бірнеше ұғымдарға атау болып жүргенін, немесе, керісінше, шетелдік бір термин бірнеше вариантпен қолданылатынын да кездестіруге болады.

Іс қағаздары терминдерінің жасалу жолдарын мен берілу тәсілдерін қарастыра отырып, олардың, негізінен, қазақтың төл сөздерінен жасалғанын анықтадық. Өйткені қазақ тілінің сөздік қорының термин жасаудағы, әсіресе тіліміздегі байырғы сөздердің термин жасаудағы мүмкіндіктерінің шексіз екендігі даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Іс қағаздарын жүргізу жөніндегі Ереже. – Астана, 2000.
2. Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік. – Алматы: Рауан, 2000. 29 том: Іс жүргізу және мұрағат ісі / Жалпы ред.басқарған Құсайынов А.Қ. – 256 б.
3. Екі тілде іс жүргізу. – Алматы: Атамұра, 1994.
4. Іс жүргізу=Делопроизводство: Сөздік-анықтамалық. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. – 224 б.
5. Салагаев В.Г. Іс қағаздарын жүргізу: Оқу құралы = Составление деловых бумаг: Учеб. пособие / В. Салагаев, Б. Шалабай. – Алматы: Раритет, 2000. –208 б.
6. Ресми іс қағаздары: Мемлекеттік қызметшілерге арналған анықтамалық / А. Алдашева, З. Ахметжанова, Қ. Қадашева, Э. Сүлейменова. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2002. – 216 б.
7. Асқаров Н.Ә., Нәлібаев Ж.Б., Белғара Б.Б. Іс қағаздарын жүргізу негіздері. – Алматы, 2007. – 241 б.
8. Қазақстан Республикасында іс қағаздарын жүргізу (мемлекеттік және ресми тілдерде іс қағаздарын жүргізу үлгілері) = Делопроизводство в Республике Казахстан / (С образцами формуляров на государственном и официальном языках): сборник. 3-ші бас., қайта өңделген. –Алматы: LEM, 2005. – 304 б.

**Назар
аударғандарыңызға
рақмет!**

16